

керек. Тіл-әр ұлттың ғана емес, мемлекеттің де төл құжаты екенін естен шығармаған жөн. Тағы бір айта кететін жағдай ана тілін қадірлеу, оның байлығын, қасиетін сақтау республикамыздың басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйрету мұғалімнің ардақты борышы. Осы тұрғыда мемлекеттік тілді басқа ұлт өкілдеріне үйрету барысында қазақ халқының көне тарихы, рухани мәдени жәдігерлері бір тума өнері және тілінің ерекшеліктері туралы мәліметтер беріп, халыққа, тілге деген құрмет сезімін оятын, мемлекеттік тілді құрметтеуге және үйренуге ынта туғызу.

Орыс топтарына қазақ тілін оқытудың өз ерекшеліктері бар. Орыс топтарында өтілетін қазақ тілі сабағы қазақ топтарындағыдай күрделі болмайды. Мұнда қазақ тілі сабағында жүргізілетін ең басты жұмыстың бірі тіл дамыту болып табылады. Студенттің ауызша және жазбаша ойын жеткізе білуге үлгі беретін бұл – мұғалім. Әр оқытушы қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылық мәнде жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол қазақ тілін үйренушілердің қызығушылығын арттыра түседі. Демек, студент тілін дамыту жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі керек. Келесі тіл үйренудегі басты шарттардың бірі – сөздік қорын байыту. Сөздікпен жүйелі жұмыс жасау оқытушының студентпен күнделікті жүргізілетін жұмысының нәтижесі іспетті.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында осы аталған жұмыс түрлерін жүйелі түрде ұйымдастырып отырса, студенттің өз ойын сауатты жаза әрі дұрыс айтуға мүмкіндігі мол болады. Сондықтан қазақ тілін яғни, мемлекеттік тілді әрбір қазақстанның азаматтарына оқытатын оқытушы оқу процесінде мәтінді түсініп әңгімелеуге, сұхбат құрастыруға, сұраққа жауап беруге, әрбір сөздің мағынасын түсіне білуге өз септігін тигізеді. Сонымен мемлекеттік тілдің туын желбірету әр оқытушының қажырлы еңбегінде десек артық айтпаған болар едік. Сөздің түйінін Қадір Мырзалиевтің мына өлең жолдарымен аяқтау жөн шығар деп ойлаймын.

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте.

Әдебиеттер:

1. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерге қазақ тілін оқыту әдімтемесі.- Алматы, 1996.
2. Ана тілі 2005ж. № 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13.
3. Егемен Қазақстан 2005ж. 2-сәуір, 7-сәуір, 7-маусым, 21-мамыр.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті 2005ж. №1.

Summary

In this article exploring the problem of development State language by learning on Kazakh lessons. In the development of State language necessity in learning and respecting to language has important matter.

КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ – ЭКСПРЕССИВТІ СИПАТЫ

Шошақова Ж.К.

Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Фразеологизмдердің эмоционалдығы оның мағыналық коннотациясымен, яғни экспрессивтілік сапа белгілерімен астасып қолданылады. Экспрессивтілік ең алдымен семантикалық категория. Себебі экспрессивтілік фразеологизмдердің мағыналық жағынан жаңа сипат алып, оның мағыналық құрылымындағы қосымша реңктің кеңеюіне негіз болады. Экспрессивтілік лингво-стистикалық категория ретінде жалпы халықтық тілде қалыптасып, жеке қаламгердің шығармашылықтары негізінде көркем әдебиетте дамиды [3, 9бет].

Көбіне тілдік экспрессия адам сезімінің, мінезінің әр түрлі қырларын көрсетуге бағыт-талады. Оларды жағымды және жағымсыз деп қарастыруға болады. Мысалы, «*Бұл күнде жасы елуден асып, еті ауырлап, толыса түскен Ажар бәйбіше бір ауылдың анасындай, қолы ашық, дастарқаны мол, аса байсалды кісі еді*» («Дарабоз», 41 бет) фразеологизмдері синонимдес, мәндес келіп кейіпкердің дара мінезін, жомарттығын білдіріп тұр.

«*Қу бастан қуырдақтық ет алатын, тілінің қотыры бар, әзілқойлардың айтуынша, бір күні, ел жайлаудан түсе, Қарашаның бір топ адамы Зайсанның базарына мал айдап барған көрінеді. «Қаладан өз құлағымызбен естіп келіп отырмыз. Орыстардың екі сөзінің бірі – Қараша. Сірә, біздің елге тістерін басып жүрген сияқты дейді. Мұны естіген бүкіл Қараша ауылдары ертеңіне түп қопарыла көшіп, күнгейге ауып кеткен екен деседі*» («Дарабоз», 13 бет). Қу бастан қуырдақтық ет алу тұрақты тіркесінің негізгі беретін мағынасы жағымсыз мәндегі кулықты, аярлықты білдіреді. ҚТФС –де – қу бастан қуырдақтық ет алды – екі басынан ұстап, ортасынан тістейтін сараң туралы да, арам ниет адам туралы да айтылады [ФҚТС, 332 бет].

Ал, контекст бойында тұрып бұл фразеологизмнің алдыңғы мағынасы әлсіреп, әзілқойлық, мазақтау мағынасында қолданған. Тіркесті жалғастырып тұрған *тілінің қотыры бар* фразеологизмі әзілдеу, мазақтау мәніндегі экспрессивтілікті дамытып тұр. *Тісін басу* фразеологизмі біреуге өшігу мағынасын береді. Осы мағынаны автор контекстегі кейіпкерлердің қорқу, үрқу кезінде өздеріне деген орыс адамдарының көзқарасын білдіру үшін қолданған. Бұл тұрақты тіркестің эмоционалды - экспрессивті сипатын автор кейіпкерлердің ішкі болмысын таныту үшін қолданған.

«Авторлық қолданыстағы фразеологизмдер стиліне келер болсақ» авторлық фразеологизмдердің тууын және уақыт өте келе афоризмдерге айналуын проза тілінен байқаймыз. Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі, тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданады. Сол себепті де ғалым Р.Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін түгендейу емес, сол бөліктердің, айталық сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол бөліктерді теріп алып, жалаң көрсете салу – көркем тілді зерттеушінің шаруасы емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану керек» – дейді [3, 11бет].

Фразеологизмдердің қалыптасуындағы ұлттық сипат туралы айтқанда ұлттық дүниетаныммен өзін қоршаған әлемге көзқарасы ретінде туып дамыған салты мен дәстүрінің де рөлі болғанын айта кеткен орынды деп санаймыз. Ал, шығарма авторы белгілі бір ұлт өкілі ретінде халықтың ғасырлар бойы ұлттық санасында жинақталған, сақталған тұрақты сөз орамдарын еркін игерген. Сол игерілген дүниеден жазушының жеке тұлғасының дүниетанымына, психологиялық санасына сай, тілдегі сөздерді ойната алу мәнеріне сай, тіпті өзіндік қалыптастырған стиліне сай авторлық фразеологизмдер туады [4, 11бет].

Қ.Жұмаділов романында жалпы халықтық тілге кең таралмаған, авторлық төлтума фразеологизмдерді қолданған. Р.Сыздықованың «...белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып – тану ерекше орын алады» [2, 97 бет] деген пікірін басшылыққа ала отырып, романдағы фразеологизмдердің көркемдік қызметін тану үшін арнайы талдау жүргізілді. Шығармада *жағасын жырту, тар жерде таяқ сілтесу, қанатын еркін жаза алмау, жүзі жайраң, көңілі мейрам, құм қаптыру із жасыру, көзге қамшы тигендей, атаусыз қалдыру, тар жерде таяқ соғу, торғайдай тозып, тарыдай шашылу, көктен сауып, жерден тауып алу, ірге ажыратпау, күлін көкке шашты (ұшырды), көзі шығу, қызыл танау қарбалас үстінде, шекесі қызу, түс жырттысу, түс салу, тісін басу, аузын айға білеу, тұлан тұтып тулау, омырау көрсету* т.б. тіркестер қолданылған.

Авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің тарихи кейіпкер мінезін айқын да, дәл беруге қызмет етіп тұрғанын мына бір сөйлемдерден байқауға болады. Мысалы, «-Мен кәрі сүйегімді сүйретіп, жат қолында қалған сонау Ташкенттен келгенде, жүрегімді жарған екі үлкен арман болаты, – деді жасы жетіп, жағы түсуге айналса да жүрісінен жаңылмаған кәрі тарлан. – Оның бірі – кешегі Әз – Тәукенің алтын тағын, ту тіккен ордасын көріп, көңілімді бір демеу еді, ол арманым орындалды. Бұдан кейінхан кеңесіне келіп ағайынның алтын жүзін көремін бе, жоқ па ол жағы – Алланың ісі...Екіншісі – ата – жұрттың жау қолынан ада – күде тазарып, азат – еркін ел болғанын көріп өлсем деуші едім. Арман шірікін алтайы түлкідей бұлаңдап, жеткізбейтін сиқы бар ма, қалай?! – деп ентігін басып сәл отырды. – Өмірі басына нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген азат – асау ел едік. Тегінде қасиетті халқымыздың қазақ деген есімі – азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айырылғаны – қазақтың құрып біткені...» («Дарабоз», 15 бет). Берілген мысалдағы кәрі сүйегімді сүйретіп, жүрегімді жарған, жасы жетіп, жағы түсуге айналған, басына нөқта кимеген, көзіне қамшы тимеген сияқты авторлық фразеологизмдер кейіпкер мінезін сомдауға, оның алдына қойған мақсатын айқындауға өз үлесін қосады.

Қолданыста дәстүрден, қалыптасқан нормадан ауытқып пайдаланылатын фразеологизмдердің жалпы ішкі мағыналары көп жағдайда сақталады. Халықтық қолданыстағы: *Әлде мұнысы – «ит арығын білдірмей, қасқырға жүнін қампайтар» дегеннің кері ме?* («Дарабоз», 56 бет). *«Ал іргелес отырған Арғын, Найман, Керей елінде өтетін аламан бәйгеде әзірше алдына қара салмай келеді»* («Дарабоз», 106 бет). *«Түбі ұлыс бегінің қазақ хандығымен түс жыртысатын ойы жоқ секілді»* («Дарабоз», 123 бет).

Бірінші мысалда жазушы *бөрі* сөзінің орнына *ит* сөзін, екінші мысалда *жан* сөзінің орнына *қара* сөзін, үшінші мысалда *бет* сөзінің орнына *түс* сөздерін алмастырып қолданған. Мұндай авторлық өзгеріске түсіре қолдану бір жағынан оқырманның көңіліне әсер етіп эмоционалды - экспрессивті реңк тудырады.

Фразеологизмдердің окказионалды өзгеріске түсуін шартты түрде екі топқа бөлуге болады. 1) құрамындағы компоненттерді өзгеріске түсіру: *«Сол жылы Аршалы мен Ақсай өңіріне жеті ағайынды жұт қатар келіп, төрт түлік малдан өзге күнкөрісі жоқ көшпелі елдің бел омыртқасын үзіп кетті»* («Дарабоз», 213бет). *Жұт жеті ағайынды тұрақты тіркесі – жеті ағайынды жұт* қатар келіп түрінде өзгерген, яғни ішкі инверсияға ұшыраған; 2) құрамына жаңа сөздер қосу: *«Қашан да Алакөлге көзі түскенде көңіліне тоқшылық енгендей жаны жадырап, арқасы кеңіп қалатыны болушы еді, бұл жолы уайым бұлты сейіле қоймады»* («Дарабоз», 115 бет). *көңілі тоқ, арқасы кеңіді, уайым бұлты сейілді тұрақты тіркестерін* жазушы *көңіліне тоқшылық енгендей, арқасы кеңіп қалатыны, уайым бұлты сейіле қоймады* деп қосымша элементтер енгізу арқылы тұлғасын кеңейтіп тұр.

Фразеологизмдердің кейіпкер бейнесін берудегі тілдік – бейнелілік қызметі жайында айтар болмақ, тіліміздегі фразеологизмдер өздерінің табиғатына тән эмоционалды – экспрессивтілігімен, стильдік бояуының ерекшелігімен, ұлттық колоритімен кейіпкер бейнесін жан – жақты көрсетуге зор мүмкіндік береді. Бұл орайда фразеологизмдерді шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: 1) фразеологизмдердің кейіпкерге мінездеме беруде қолданылуы; 2) фразеологизмдердің кейіпкердің ішкі психологиялық жағдайын беруде қолданылуы; 3) фразеологизмдердің кейіпкер портретін беруде қолданылуы; 4) фразеологизмдердің кейіпкердің нақтылы қимыл – әрекетін беруде қолданылуы [3, 13бет].

Кейіпкер қуанышы, реніші, ашулануы, риза болуы және тағы басқа ішкі психологиялық сезімін білдіру үшін стилистикалық фразеологизмдердің әсері күшті. Психологиялық тұрғыдан қарағанда адам сезімі мен эмоциялық жағдайы екі түрлі қарастырылады. Ал, көркем проза тіліндегі фразеологизмдерді саралай келе олардың сезімге қатысты қолданғаны да, белгілі бір эмоцияны білдіру үшін алынғаны да жалпы адам психологиясына қатысты екені байқалады. Психологиялық сезім – күйді білдіретін фразеологизмдер ұлттық ерекшелікке байланысты қалыптасады [3, 14 бет].

Фразеологизмдердің адам психологиясын білдіретін түрлері көбіне соматикалық атауларға байланысты болады. Мысалы: «*Мынаны көргенде комиссия басшыларының көздері атыздай болып, шарасынан шығып кетті*» («Дарабоз», 96 бет). «*Әрі қонақтарын разы қылса, әрі сол арқылы Шихалдай секілді қызыл көз жаудың өзегіне өрт кетіріп, мықтап бір қыр көрсетті*» («Дарабоз», 66 бет) берілген екі фразеологизм бір –біріне синонимдес келіп кейіпкердің ішкі сезімін сыртқы бет – әлпетінің өзгеруі арқылы беріліп тұр. Осы сияқты адам сезімі мен эмоциясын білдіруге бағытталған фразеологизмдер адам дене мүшесіне байланысты туып, қалыптасқандар.

Әр ұлттың өзіндік мәдениеті мен тарихына байланысты қалыптасқан фразеологизмдер ғана сол ұлт өкіліне таныс, түсінікті болады. Тұрақты тіркестердің көбі ұлт мәдениетіне, өміріне, тұрмыс –тіршілігіне, өміріне, психологиясына байланысты еркін тіркестер негізінде қалыптасады [3,14 бет]. Мысалы: «*Өзі де қанын ішіне тартып, сәл сұрғылттау болып көрінетін*» («Дарабоз», 67бет). Осы берілген мысалдағы «қан» сөзімен байланысты туған фразеологизм ашулану, ызалану, кектену мағынасын береді. Дегенмен осы сөйлемдегі қанын ішіне тарту фразеологизмі кейіпкердің мінез – құлқынан гөрі, оның сыртқы бет – бейнесін беруге байланысты туған.

Проза тілі фразеологизмдерінің бір бөлігі кейіпкердің сыртқы портретін беру мақсатында жұмсалады. Көркем шығарма кейіпкерлерінің портреттері арқылы оның мінезі, белгілі бір ситуацияға байланысты іс – әрекеті сипатталады.

«*Соны айтып, елшілерге мал сойып, қонақасы беруді жігіттерге тапсырды да, өзі қасына Шынқожаны ертіп, үйге қарай бет алды. Ішке кірсе, Майсара қызыл танау қарбалас үстінде екен*» («Дарабоз», 115 бет). «*Сондағы Әбілқайырдың тұлан тұтып тулағанын көресің!*» («Дарабоз», 133 бет). Мұндағы алғашқы сөйлемдегі қызыл танау қарбалас үстінде тұрақты тіркесі кейіпкердің тұрмыс – тіршіліктегі отбасы шаруасымен қарбаласып жатқан іс – әрекетін білдірсе, ал екінші сөйлемдегі тұлан тұтып тулау тұрақты тіркесі кейіпкердің психологиялық сыртқы бет – келбетін суреттеп тұр. «*Өзі шарға бойлы, ешкінің асығындай ғана шәкене жігіт екен*» («Дарабоз», 53 бет). «*-Ау, өзің қарпуы жетпеген киіздей неге болбырап тұрсың? Аздап былай ширасайшы! – деді қолбасы езу тартып*» («Дарабоз», 110 бет). Қазақ тілінде адам портретін беретін фразеологизмдер тұрмыс – салт, қоршаған орта, ұлттық менталитетке байланысты қалыптасқан [4, 15 бет]. Берілген мысалдардағы адам бейнесін беретін фразеологизмдердің барлығы да қазақ болмысына тән. Қазақ тіліндегі шарға бойлы фразеологизміне ешкінің асығандай тіркесін қосу арқылы автор кейіпкердің тұлға – бітімін дәл, әрі нақты беруге тырысқан. Ал, екінші сөйлемдегі қарпуы жетпеген киіздей тіркесі кейіпкердің болмысы, дене – пошымын, сыртқы келбетін суреттеу мақсатында жұмсаған.

Көркем проза фразеологизмдері әсіресе, экспрессивті мәнде кейіпкерге мінездеме беруде, кейіпкердің ішкі жан дүниесін көрсетуде, кейіпкердің портретін беруде және тағы басқа стильдік реңктерді таныту кезінде ерекше стильдік сапада қолданылып жазушы шеберлігі мен қарым – қабілетін көрсетеді [1, 15 бет].

Әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. оқулық. – Алматы, 264бет.
2. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2009. – 292бет.
3. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560бет.
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы. Ана тілі, 1993. – 320бет.

Summary

The role phrasedogical venits in fictijn boohs is befined in huarticht;Hu neveling of the herospatvef,his character, connected hitn particular sitnftion.